



12 қараша, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

2 Сайлау қағидалары сарапталды



4 Ел қазынасын қалыптастыратын сала



7 Мазари-Шарифтен маздаған шырақ сәулесі



8 Бала танымының сөресіне қос сыйлық қосылды



## ПРЕЗИДЕНТ

# «БІЗ ҚУАТТЫ КҮШКЕ АЙНАЛУЫМЫЗ КЕРЕК»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысты. Мемлекет басшысы іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны, қонақжайлық көрсеткені үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс айтып, Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалық ету құқығын алып отырған бауырлас елдің бұл міндетті абыроймен атқаратынына сенім білдірді.

Президент Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық рөлі артып келе жатқанына тоқталып, Қазақстан түркі әлемінің Атажұрты ретінде ұйымға мүше барлық елмен жан-жақты қарым-қатынасты дамытуға айрықша мән беретінін жеткізді.

– Бқпалдастығымызды одан әрі нығайтуға және оны жаңа белеске көтеруге мүдделіміз. Түркі ынтымақтастығына ұйытқы болған ұйымдардың тарихын зерделесек, олардың көпшілігіне Қазақстан бастамашы болғанын көреміз. ТҮРКСОЙ, ТүркПА және Түркі академиясы – соның айқын дәлелі. Бұл ұйымдар бауырлас елдердің мәдени-рухани жақындасуына өлшеусіз үлес қосып отыр. Өзара байланысты нығайту жолында Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті орасан зор рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы. Президент еліміздің бастама-



сымен қабылданған «Түркі әлемінің келешегі – 2040» құжатын іске асыру үшін бүгін Түркі мемлекеттері ұйымының стратегиясы қабылданатынын айтты. – Бұл құжат елдеріміз арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге және тұрақтылық белдеуін нығайтуға ықпал етерін сөзсіз. Сондықтан ынтымақтастығымыздың болашағы зор деп айтуға толық негіз бар. Біз өңірлік және жаһандық мәселелерді шешуге белсене атсалысып, қуатты күшке айналуымыз керек. Қазір геосаяси, геоэкономикалық

қайшылықтар салдарынан Еуразиядағы экономика және көлік-логистика жүйесі ыдырап барады. Сын-қатерлерді еңсеру үшін күш-жігерімізді біріктіруіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиын барысында Мемлекет басшысы түркітілдес елдердің ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған бірқатар мәселеге назар аударды.

– Қазіргі алмағайым кезеңде көлік-транзит коммуникациясының әлеуетін арттыру және оның мүмкіндігін барынша пайдалану аса маңызды. Себебі

біздің мемлекеттеріміз Батыс пен Шығысты, Солтүстік пен Оңтүстікті тікелей байланыстырады. Бауырлас үш ел (Қазақстан, Өзбекбайжан, Түркия) арқылы өтетін Транскаспий халықаралық көлік дәлізі – соның жарқын мысалы. Сондықтан біз көлік-логистика саласына ерекше мән береміз. Соңғы 15 жылда Қазақстан осы саланы дамытуға 35 миллиард доллар қаржы бөлді. Біз көлік бағдарын көбейтуге және логистиканы өзара ықпалдастыруға мүдделіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

## ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Өткен аптада «28 мың қазақстандықтың микроқаржы ұйымдарына қарызы кешіріледі» деген хабар тарайды. Ел тұрғындарының барлығында демейік, он адамның сегіз-тоғызында несие деген «бас ауру» бар. Сондықтан бұл жайындағы жаңалықты қас қақпай бағып отыр.

# КІМНІҢ НЕСИЕСІ КЕШІРІЛЕДІ?

Мәжіліс депутаттарының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне несиеге қатысты жолдаған сауалына агенттік төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахманов жауап берген. Агенттік кепілсіз онлайн микрокредит беру сегментіндегі 30 микроқаржы ұйымынан азаматтардың проблемалық микрокредиттерін төмендету жөніндегі жеке жоспарларын талап еткен.

«Жыл соңына дейін микроқаржы ұйымдары 33,1 миллиард теңге сомасына 432 мың қарыз алушының проблемалық берешегін қайта құрылымдауды жоспарлаған. Ал 107 мың қарыз алушының 0,8 миллиард теңгесі шінара, ал 28 мың адамның несиесі толық кешіріледі» делінген Н.Әбдірахмановтың жауабында.

Бірінші қазанға дейін микроқаржы ұйымдары 285,5 мың қарыз алушыға қатысты проблемалық берешекті төмендету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырды. Оның ішінде негізгі борыш пен сыйақы бойынша 66,4 мың қарыз алушының 585 миллион теңге берешегі, 756 миллион теңге тұрақсыздық айыбы толық және шінара кешірілген. 4,8 миллион теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы есептен шығарыла отырып, 15,3 миллиард теңге сомаға 219,9 мың борышкердің микрокредиті қайта құрылымдалды. Агенттік жеке жоспарлардың орындалуын бақылауды жалғастырмақ.

Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин несиеге жауапкершілікпен қарайтындар және уақытты төлемейтіндер бар екенін айтып, осы жаңалыққа қатысты пікірін білдірді. «Төлеуге мүмкіндігі болса да, қарыздан қашып жүргендер де табылады. Сондай қашып жүрген, үсті-үстіне кредит ала беретін, жауапкершілігі төмен азаматтардың несиесі кешіріліп, ал несиесін өзі төлеп, тапқан-таянғанын үнемдеп жүрген азаматтар жүйеге кірмей қалса, әділетсіздік болады» деді депутат.

3-бет



## 14 ҚАРАША – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАНТ ДИАБЕТІМЕН КҮРЕС КҮНІ

# ҚАНТ ДИАБЕТІ КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Дүниежүзілік қант диабетімен күрес күні жыл сайын канадалық дәрігер және физиолог Фредерик Бантингтің туған күнінде аталып өтеді. Себебі ол 1922 жылы дәрігер Чарльз Бестпен бірге қант диабетімен ауыратын адамдардың өмірін сақтайтын инсулин препаратын жасады.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»



Елімізде қант диабетін емдеу тегін. Ол әлеуметтік маңызды ауруларға жататындықтан мемлекет есебінен қаржыландырылады. Осы орайда ауруды ерте анықтау, алдын алу мақсатында халықтың нысаналы топтарына скринингтік тексерулер жүргізіледі. Скринингтік тексерулер 6 нозологияны қамтиды. Соның бірі – қант диабеті. Биылғы 9 айда аталған сырқат бойынша жоспарланған 65720 тұрғынның 60824-і, яғни, 93 пайызы скринингтік тексеруден өткен. 552 науқас анықталып, 474-і «Д» есепке алынған.

Ұлттық қант диабеті регистрінің мәліметінше, жыл басында еліміз бойынша қант диабеті деген диагнозбен есепте тұрғандар саны 309 мыңға жетіп жығылған. Оның 18 мыңы бірінші типтегі диабетпен, 291 мыңы екінші типпен ауырады. Екінші типтегі диабетке шалдыққандардың 65 пайызын әйелдер құрайды. Сусамырға шалдыққан отандастарымыздың 6 мыңға жуығы қатарақтан зардап шексе, 3 мыңы инфаркт алған. Бір мың адамның аяғы немесе қолы кесілген. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аурудың жыл санап өрішіп бара жатқанын айтып дабыл қағуда. Мәселен, 1980 жылы бұл дертпен ауыратындар саны 108 миллион болса, 2014 жылы 4 еседей артып, 422 миллионға жеткен.

6-бет

## Пірімұхаммед СЫЗДЫҚОВ, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры:

# «КӘСІПКЕРГЕ КӨМЕКТЕСУГЕ МҮДДЕЛІМІЗ»

Бүгінде бизнестің мәселесі сан алуан. Ал олардың мұң-мұқтажына құлақ асып, мәселесін шешуге ықпал ететін бірден бір ұйым – кәсіпкерлер палатасы. Қазіргі уақытта

Ұлттық кәсіпкерлер палатасын трансформациялау басталып кетті. Осы трансформация кезінде заңнамалық актілерді жазуға кәсіпкерлер көптеп тартылуда. Бұл мақсатта палата жанынан жұмыс топтары құрылып, заңнамадағы бизнестің дамуын шектейтін оқпалықтар бойынша ұсыныстар дайындауда. Мысалы, қазіргі таңда жаңа Салық кодексінен өзгертуге аймақ кәсіпкерлері де атсалысуда. 4 қарашада елордада «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Х съезі өтті. Маңызды жиында өңірімізден де делегаттар қатысты. Отандық кәсіпкерлер кеңесінде көтерілген мәселелер, палатаның алдағы бағыт-бағдары туралы облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірімұхаммед Сыздықовпен сұхбаттастық.

3-бет

## Құрметті оқырман!

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.

БАСПАСӨЗ – 2023

# ЕСКІ ТЕХНИКА ЕСТІ ЖИҒЫЗБАС

Осыдан 10-15 жыл бұрын шығар. Күріш егетін Қызылорданың алқабында «Енисей» мен «Нива» секілді еңсесі түскен ескі комбайндар жүрді. Сүйретіліп жүрді. Жүруінен тұруы көп. Кеңестік кезде көресіні онсыз да көп көрген бұларға сол кезгі шаруалардың өкпесі аздау. Өйткені, өзге техникасы да жоқ. Сол қиындықпен егінді бастырып, күні-түні болса да күрішті жиып бітетін...

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»



Ал қазір ше? Тілшілік сапармен ауыл шаруашылығы жұмыстарын көреміз. Дән себу кезінен, орақ түскенге дейінгі шаруалардың тыныс-тіршілігін ақпараттандырамыз. Кейбір жеке шаруашылықтардың егін даласында боламыз. Сондағы көргеніміз, жаңа техника. Германиялық «CLASS» маркалы комбайн мен трактор, канадалық «MacDon» деп аталатын жатқа. Шөп басатын техникасы, жер жыртар соқасы заманауи. Бәлкім, шетелдік дүние болар. Трактор атаулы да түгел өзгерген. Демек, бұрынғыдан әлдеқайда жақсырақ.

Рас, кейінгі жылдары осы асыраушы саланы дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді.

3-бет



# «БІЗ ҚУАТТЫ КҮШКЕ АЙНАЛУЫМЫЗ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы бұл мақсатқа 2025 жылға дейін тағы 20 миллиард доллар инвестиция тарту көзделіп отырғанын айтып, түркітідес халықтардың құрлық ішіндегі көлік-транзит дәліздерін дамытуы айрықша маңызды екенін жеткізді. Әсіресе, шекара бекеттерін жаңғыртуға, «цифрлық көлік жүйесін» қалыптастыруға баса мән берді.

Президент түркі мемлекеттерінің ІТ саласындағы қарым-қатынасын жандандырып жөн деп санайды. Оның айтуынша, соңғы кезде геосаяси ахуалға байланысты мемлекеттер бір-бірінен технологиялық тұрғыдан оқшыланып жатыр. Түркі елдерінің ІТ саласына қатысты тың тәсілдер әзірлеуі айрықша маңызды.

— Бұл біздің цифрлық дамуымызға жол ашады. Жуырда Астанада «Digital Bridge» атты халықаралық іс-шара өтті. Онда ІТ саласында жұмыс істейтін креативті жастарымыз бас қосып, бастамалары мен озық идеяларын ұсынды. Сондай-ақ мемлекеттеріміздің ІТ хабтары арасындағы өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қойылды. Осы ретте мен Астана хаб халықаралық технопаркі негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының цифрландыру орталығын құруды ұсынамын. Бұл құрылым сауда, көлік, су ресурстары, ақпараттық қауіпсіздік және басқа да салаларға қажетті цифрлық шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент «Жасыл экономиканы» дамытуды аса маңызды міндет ретінде атап өтіп, климаттың өзгеруі көптеген жаһандық



сын-қатерлер тудырып отырғанын айтты.

— Әлем елдері соңғы 7 жылда «жасыл» облигацияларға 2,5 триллион доллардан астам қаржы бөлді. Осы ретте мен бұл саладағы капитал нарығын дамыту үшін «Түркі жасыл қаржы кеңесін» құруды ұсынамын. Оны «Астана» халықаралық қаржы орталығының Жасыл қаржы орталығы негізінде ашуға болар еді. Бүгінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы әлемдегі ірі компаниялар арасында танымал болып, жоғары деңгейде мойындалды. Ол жаңа Кеңестің Хатшылығы қызметін атқара алады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев түркі мемлекеттерінің білім және ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту қа-

жеттігіне тоқталды. Осы ретте еліміз 2023 жылы Қазақстанда ІІ Түркі универсиадасын ұйымдастыруды жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

— Біз академиялық ұтқырлықты дамытып, студенттер арасында мәдениетаралық диалог орнатуға жағдай жасауымыз керек. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының бір-бірімен білім беру кеңістігін қалыптастыру қажет. Сондықтан 2023 жылы түркі елдері университеттерінің ортақ желісін құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынамын. Бұл бастама студенттеріміздің түркі тілдерін үйреніп, бауырлас елдердің тыныс-тіршілігімен танысуына жол ашады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент түркі елдерінің рухани дереккөздерін зерделейтін жобаларға ерекше

көңіл бөлу керек деп санайды. Сондай-ақ биыл Түркі академиясы Монғолияда жүргізген қазба жұмысының нәтижесінде маңызды жаңалық ашқанын, екінші Түркі қағанатын қайта тірілтіп Күтлық қағанның кешенін тапқанын айтты.

— Бұл — «түркі» деген сөзі бар ең көне жазба ескерткіш. Осы орайда мен Түркі халықтарының ортақ жазба мұрасын зерттеуге арналған «жол картасын» әзірлеуді ұсынамын. Ол үшін елдеріміздің мұрағаттары өзара ашық болуын қамтамасыз ету қажет. Келешекте соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының «Цифрлық кітапханасын» құруға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты Қазақстанның

ұстанымын жеткізді.

— Қазақстан барлық елдің территориялық тұтастығын бір-жолата қолдайды және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қатаң сақтауды қажет деп есептейді. Бұл — еліміздің негізгі мүддесіне толығымен сай келетін қажетті қағидат. Сондықтан біз осы ұстанымға әрдайым басымдық береміз, — деді Президент.

Сонымен қатар Президент Түркі мемлекеттері ұйымы мен басқа да құрылымдардың жұмысын жүйелеудің маңызды екенін атап өтті. Осыған орай Түркі кеңесін құру жөніндегі Нахчыван келісіміндегі Тұрақты өкілдер туралы мәселені қарастыруды ұсынды.

Мемлекет басшысы 2023 жылы түркі дүниесінің ЮНЕСКО-сы саналатын ТҮРКСОЙ-дың құрылғанына

30 жыл толатынын еске салып, бұл мерейлі оқиғаны жоғары деңгейде атап өтуге шақырды. Сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымының Х саммиті келесі жылы Қазақстанда өтетінін жеткізді.

Сондай-ақ жиында Түрік-менстанның Милли Генеші Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркі мемлекеттері ұйымы мемлекеттер басшылары кеңесінің 2021-2022 жылдардағы төрағасы — Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан және Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Бағдат Әміреєв пен Түркі мемлекеттері ұйымының жаңадан тағайындалған бас хатшысы Кубанычбек Әмірәлиев сөз сөйледі.

Ұйымға төрағалық ету міндеті Әзербайжанға ауысты, ал ұйымның бас хатшысы лауазымына Қырғыз Республикасының өкілі Кубанычбек Әмірәлиев тағайындалды.

\*\*\*  
Президент Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысушы елдердің басшыларымен бірге Самарқанд қаласындағы «Регистан» алаңында тал екті.

Түркі дүниесінің бірлігі бекем болсын деген тілекпен Әзербайжанның 14 өңірінде, еліміздің Түркістан қаласында және Түркия, Әзербайжан, Түрікменстан, Қырғызстан, Мажарстан мемлекеттерінің астаналарында көшеттер бір мезетте отырғызылды.



Әркімнің дауысы маңызды!  
Өз таңдауыңды жаса!

20 қараша  
ноября 2022

## ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ТАРАЗЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Президенті кезектен тыс сайлауды ұйымдастыру және өткізу шеңберінде ҚР Орталық сайлау комиссиясы мүшелері ел өңірлеріне көшпелі семинар-кеңестер ұйымдастырып отыр. Осы мақсатта бейсенбіде Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман Қызылорда қаласында аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының, жергілікті атқарушы органдардың, кандидаттардың сайлауалды штабтарының, уәкілетті мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының мүшелерімен семинар-кеңес өткізді.

шылар тізімі тұрғылықты жері бойынша жеке тұрғындардың мемлекеттік дерек қоры негізінде жасалған. Облыс бойынша сайлаушылар саны 482934 адамды құрайды. Семинар барысында Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман еліміз үшін саяси маңызды шараға дайындық барысы жөнінде ой-пікірін білдірді.

— Орталық сайлау комиссиясының мүшелері еліміздің барлық өңірінде маңызды шараға дайындық барысын пысықтау, қойылған сауалдарға нақты жауап беру мақсатында семинарлар ұйымдастыруда. Қызылорда облысы тұрғындары бұдан бұрынғы жылдарда сайлауда саяси белсенділігін көрсетті. Жауапты азаматтар семинар барысында көкейде жүрген көптеген сауалға жауап тапты деген ойдамыз, — деді ол.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев маңызды саяси шараға дайындық барысы жөнінде әңгімеледі. Дауыс беру күні түрлі себептермен өзінің тұрғылықты тіркелген жерінен тыс аймақта болатын сайлаушылардың өз өтініші негізінде есептен шығару куәліктері беріледі. Бүгінде 142 адам осындай куәлікке ие болды. Сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті уәкілетті органның мәліметіне сәйкес, облыс бойынша мүгедектігі бар сайлаушылар саны 20071 адамды құрайды. Осыған байланысты облыс бойынша барлық учаскелерде мүгедектігі бар адамдардың дауыс беруі үшін жағдайларды қамтамасыз ету шаралары қарқынды жүзеге асырылуда.

Семинар-кеңестер бағдарламасының екінші бөлімінде Орталық сайлау комиссиясы мүшелері аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары үшін кейі технологиясы негізінде тренингтер өткізді.

## САЙЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ САРАПТАЛДЫ

Елімізде саяси науқан жүріп жатыр, яғни, Президент сайлауына санаулы күндер қалды. Саяси көзқарасы бар кез келген азаматты бей-жай қалдырмайтын сайлау тақырыбы бүгінде түрлі баспасөз бетінде, телехабарларда жан-жақты талқыланып жатыр. Соның бір көрінісі, «Болашақ» университеті базасында «Президент сайлауы: 7 жылдық мандат» атты «Сағар» эксперттік клубының аймақтық отырысы өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

Отырыс «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ басқарма төрағасының орынбасары Аманбек Төлепбергенов модераторлық жасап, бүгінде қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан сайлау тақырыбының шын мәнісінде маңызды екенін атап өтті. Еліміздегі ішкі және сыртқы геосаяси факторлар, сонымен қатар, әлемде қалыптасып отырған экономикалық дағдарыс мәселелерін дұрыс шеше білу болашақ Президенттің құзырындағы ең басты міндет екенін айтты.

Сұхбат алаңында «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ сарапшысы Серікқазы Қақыбаланов өз пікірін былайша жеткізді:

— Ел тарихында жетінші рет өткізіліп отырған Президент сайлауы, оның ішінде жалпы конституциялық өзгерістерге байланысты жетіжылдық мерзімнің тандалуын көпшілік жете түсінбей отырғаны рас. Оның мәнісі қазір көршілес елдерде геосаяси жағдай тұрақсыз болып тұр. Экономикалық әлеуеті төмендеп кетті. Бұл жағдай олардың тауарына тәуелді болғандықтан, бізге де өзіндік ықпалын тигізді. Сондықтан сайлауды дер кезінде өткізіп, етек-жеңімізді жинап,

алдағы туындайтын мәселелерге тас-түйін дайын болуымыз керек, — дейді.

Философия ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Баймырза Қожамбердиев алдағы сайлау нәтижесінде Парламентті қайта сайлау, сондай-ақ, еліміздің саяси-экономикалық және рухани әлеуетін дамытуда көптеген реформа жасалуы қажет екенін айтты. Ең бастысы, халықтың сеніміне лайық билік жүйесі қалыптасуы өте маңызды екенін атап өтті.

«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ сарапшысы Жақсыбек Жиеналиев сайлау нәтижесінде халықтың қалауы әділ сот жүйесі, рушылдық, жершілдік сияқты мәселелерден арылтып, әлеуметтік мәселелерді терең талдап, бастысы, елде саяси тұрақтылықты орнауы екенін айтты.

Ал «Болашақ» ғылыми-зерттеу институты директоры, саяси ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор Мұрат Насимов сайлау мәселесінде Президент мандатына байланысты халықаралық тәжірибелерде жасалған аналитикалық талдау

көрсеткішін тарқатып түсіндірді.

— Сайлаудан кейін көп мәселе өзгеруі тиіс. Ең бастысы, Президент билікке қалай әсер етеді деген сауалға келсек, мемлекеттік саясаттың фиксациялық бағдары айқындалатын болады. Елде жаңа саяси тәртіп қалыптасуы тиіс. Заң шығарушы билік пен атқарушы биліктің арасында ынтымақтастық орнайды. Жаңа элитаның ауысуы жеңілдейді. Қорыта айтқанда, бұл сайлау елімізде жаңа саяси дәстүрлерді қалыптастырады деп ойлаймын. Оны уақыт көрсетеді, — дейді ол.

Қоғамдық саяси мәселелерде өзіндік көзқарасы бар Еркебұлан Елеуов, Бауыржан Үсенбаев, Әлібек Жаппасбаев, Дәурен Сейітжанов сынды азаматтар ой-пікірлерін ортаға салып, болашақ билік тарапынан әділетті, зайырлы, демократиялық ұстанымдарға сай жаңа саяси қадамдар күтетінін айтты.

Жиын қатысушылары Жаңа Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістерді талқылап, бұл өзгерістер елдің саяси жүйесіне қалай әсер ететініне қатысты өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып жүрген жастар көкейдегі сауалдарына нақты жауап алды.

Жалпы сұхбат алаңында саясаттанушылар, мемлекеттік органдардың өкілдері мен қоғам белсенділері жиын тақырыбы бойынша өз пікірлерімен бөлісті. Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Алмасбек Есмаханов қатысты.

## БРИФИНГТЕ БАЯНДАЛДЫ

Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы жөніндегі сайлау бюллетенінің мәтіні бекітілді. Сайлау бюллетендері 17-19 қараша аралығында барлық сайлау учаскелеріне жеткізілетін болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Болат Накипов айтты.

Мұнан өзге, ҚР Президентін сайлауды облыс бойынша 382 сайлау комиссиясы ұйымдастыратын болады. Атап айтқанда, біреуі облыстық, біреуі қалалық, 7 аудандық және 373 учаскелік сайлау комиссиясы. Ал сайлау комиссиялары мүшелерінің жалпы саны 2710 адамды құрайды.

— Бұған қоса, дауыс беру күні, яғни 20 қарашада түрлі себептермен өзінің тұрғылықты тіркелген жерінен тыс аймақта

болатын сайлаушылардың өз өтініштері негізінде есептен шығару куәліктері беріле бастады. Нақты кезеңде 142 адам есептен шығару куәліктерін алды. Есептен шығару куәліктері сайлаушыларға 19 қараша жергілікті уақытпен сағат 18.00-ге дейін берілетін болады. Сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті уәкілетті органның мәліметіне сәйкес, облыста мүгедектігі

бар сайлаушылар саны — 20071 адам. Олардың 1111-і кресло-арбамен қозғалатын, 324-і есту қабілеті бұзылған, 907-сі көру қабілеті бұзылған сайлаушылар. Осыған байланысты аймақтағы барлық учаскелерде мүгедектігі бар адамдардың дауыс беруін қамтамасыз ету шаралары қарқынды жүзеге асырылуда. Барлық сайлау учаскелері бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мүгедектігі бар сайлаушылар үшін арнайы бұрыштар жабықталған, — деді ол.

Сонымен қатар, барлық аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары арнайы әзірленген әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген.

«СБ» ақпарат





15 ҚАРАША – ҚАРЖЫГЕРЛЕР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

# Ел қазынасын қалыптастыратын сала

Тәуелсіз Қазақстанның жылнамасындағы ең маңызды оқиғалардың бірі – төл теңгенің айналымға енуі. Бұл жас егеменді мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізуі үшін алдыңғы кезекте қажетті тарихи қадам еді. Себебі, ақша мен экономиканың өзара байланысы өте тығыз, олар – экономикалық жүйенің негізгі құрамы.

Кенес одағы тарап, тәуелсіздігін жариялаған жас мемлекеттер бірінен соң бірі өз ұлттық валюталарын немесе уақытша ақша белгілерін енгізе бастады.

Сол сияқты тәуелсіз Қазақстан елінде де 1993 жылдың 3 қарашасында Президент Жарлығымен Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, өз тұжырымдамасын дайындады. Валютаның енгізілу мерзімі, тәсілі, жаңа валютаны айырбастау пункттеріне жеткізу, қолма-қол ақшаны айырбастау коэффициенті мен лимиттері, валюта бағамы сияқты маңызды мәселелер айқындалды.

Теңгені айналымға ендіру туралы шешім қабылданған кез еліміздің экономикалық даму тұрғысынан да, халықтың әлеуметтік хал-ахуалының да аса бір қиын кезеңі болатын. Содан бері теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржы және банк жүйесінде бірнеше маңызды реформалар жасалды, еліміздің экономикасы қарқынды даму кезеңіне өтті, теңге Қазақстан үшін сенімді валютаға айналды. Қаржы, кеден қызметтері реформаланды. Осылайша теңгенің өмірге келген күні 15 қараша – Қаржыгерлер күні болып белгіленді.

Ал салық органдары 1990 жылы облыстық қаржы басқармасының, қалалық аудандық қаржы бөлімдерінің ізінен ашылғанын ескерсек, салық жүйесі қаржы органдарының бірден-бір ажырамас саласы болып келеді.

1991 жылы 9 шілдеде тәуелсіз Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының

Республикасының салық қызметін құру туралы» Жарлығы қабылданды. Республикалық дербес салық жүйесінің қалыптасуы осы кезден бастау алады. Осы жылы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №1073 Қаулысымен «Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы» заң күшіне енді. Аталған заң тәуелсіз ел тарихында тұңғыш рет мемлекет пен салық төлеуші арасындағы туындайтын салық міндеттемелері, төлемгерлердің құқықтары, салық түрлері мен олардың ставкалары, сондай-ақ, жеңілдік беру тәртіптері қаралған нормативтік акт ретінде қолданысқа еніп, басшылыққа алынды.

Тәуелсіз еліміз еңсесін көтеріп, кәсіпкерлікті дамытуға жол ашылды. Бұрын тек қана аграрлық бағытта дамып келген біздің облыстың өндірісі өркендеп, кейінгі жылдары құрылыс та қарқын алды.

2014 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік басқару жүйесінде жана реформалар жүргізілді. Соның негізінде жаңа ведомство – Мемлекеттік кірістер комитеті құрылды. Салық және кеден саласын біріктірудегі негізгі мақсат – еліміздің шекарасынан кірген әрбір тауардың барлық қозғалысын, яғни сол тауарға салыныатын салықтың түгелдігін бақылау. Жалпы кірістер органдарының басты міндеті – бюджеттің кіріс бөлігін және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Салық салу және оны өндіру жүйесін ұдайы жетілдіріп оты-



ру – салық төлеушіге қолайлы жағдай жасаумен тығыз байланысты.

Атқарылған жұмыстың нәтижесімен биылғы жылдың 10 айына мемлекеттік бюджет жоспары 108% орындалып, 11,4 млрд теңге артығымен қамтамасыз етілді. Оның ішінде республикалық бюджет жоспары 106% құрап, 5,4 млрд теңге, жергілікті бюджет жоспары 111% орындалып, 6 млрд теңгеге артығымен қамтамасыз етілді.

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Мемлекеттік бюджет түсімінің өсу қарқыны 128% құрап, 27,3 млрд теңгеге артты.

Бүгінгі күннің талабы – салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру арқылы салықты сапалы әрі мәдениетті басқару. Осы орайда, департамент тарапынан жүргізілген салықтық және кедендік әкімшілендіру жұмыстарының нәтижесінде ағымдағы жылдың 10 айында жергілікті бюджетке 5,5 млрд теңге қосымша резервтер өндірілді.

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас

ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында экономиканың тұрақты өсуі салық саясатына тікелей байланысты, жалпы салықтық сауаттылықты арттыру, жаңа салық кодексіне салықтық әкімшілендіру мәселесін тың бағытта қарастыру, жұмыс барысында салық төлеушілермен бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтын етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру керектігін атап өтті.

Мемлекеттік кірістер органдары әлемдегі озық үлгідегі стандарттарға бой түзейді. Алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалана отырып, салықтық, кедендік әкімшілендірудің тиімділігі мен кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасаудың арасындағы ең ұтымды балансты ұстауды мақсат тұтады.

Ел қазынасын қалыптастырудағы айқындалған тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында департамент қызметкерлері талмай еңбек ете бермек.

**Ғани АМАНОВ,**  
облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы

Осы аптада Арал ауданында тұңғыш рет «Арал Инвест» форумы өтті. Оған еліміздің бірқатар облысы мен аудандардан инвесторлар келді. Шарадың басты мақсаты – кәсіпкерлік аясын кеңейту, туризм саласын дамыту және инвестиция көлемін арттыру.

## Аралдағы инвестициялық форум

Форумды аудан әкімі Серік Сермағамбетов ашып, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы айтып өтті.

– Кейінгі бес жылда ауданда тіркелген шағын орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2368 бірлікке, яғни 1,7 есеге өскен. Бұған қоса, сауда саласы бойынша жыл басынан бері бөлшек сауданың көлемі 6,3 млрд теңгеге, ал көтерме сауда 13 млрд теңгеге жетті. Мемлекеттік бағдарламалар аясында ауданға инвестор боламыз деген азаматтарға жер телімдерін алу, тиісті инфрақұрылымдар жеткізу, салалық сүйемелдеу жұмыстары және басқа да қолдау шаралары қарастырылған. Сондықтан форум жұмысы өз нәтижесін беріп, сіздердің жана идеяларыңыз, жобаларыңыз бен бастамаларыңыз өңіріміздің дамуына өз септігін тигізеді деген сенімдемін, – деді аудан әкімі.

Айта кетейік, аталған ауданда Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының үшінші бесжылдығы аясында 9 жоба енгізіліп, оның 2-і іске асқан. Нақты кезеңде жалпы құны 160 млрд теңгені құрайтын 7 жоба жүзеге асырылуда. Олар толық іске қосылғанда 1352 адам жұмыспен қамтылатын болады. Бұдан бөлек, биыл бірінші Индустрияландыру картасына қосымша жалпы құны 5 млрд 674 млн теңге болатын 5 жоба енгізу үшін тиісті жұмыстар жүргізіліп

жатыр. Бұл нысандар іске қосылғанда 500-ге жуық жергілікті азамат жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Жағымды жаңалыққа келсек, жуырда аудан орталығында «Кәсіпкерлер үйі» жұмысын бастап, аудан басшысының шақыруына үн қатқан «Банк Центр Кредит» АҚ облыстық филиалы мен «КМФ» шағын қаржы ұйымы өз бөлімшелерін ашты. Осылайша, жергілікті кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасалып жатыр.

Мұнан соң жиында қатысушылар кәсіпкерлік саласын өрістету мен инвестиция көлемін ұлғайту бойынша пікірлерін білдірді. Түрлі сала өкілдері мен тиісті мамандар, кәсіпкерлер Арал ауданына инвестиция тарту және инвесторларға жасалатын қолдаулар туралы баяндамалар жасады.

Сонында бесжақты меморандум жасалды. Арал ауданы әкімдігінің бастамасымен «Арал Полимер» ЖШС-ның «Қап шығару жобасы» бойынша инфрақұрылым тарту мен өндірілген өнімді өткізу бойынша «Арал СДО» ЖШС, «Арал Тұз» АҚ, «Арал Кварц» ЖШС келісімге қол қойды. Сондай-ақ осы басқосуда Арал ауданы әкімдігі мен «ЮгГазПроект» ЖШС арасында меморандум болды. Құжаттың мақсаты – ауданда орналасқан елді мекендерді газдандыру бойынша жобасметалық құжаттарын аталған демеушілердің көмегімен әзірлеу.

«СБ» ақпарат

# Құтты мекен – Құмжиiek

Аймақтың дамуы ауылдан басталады. Қазалы ауданына сапарымызда Құмжиiek ауылдық округіне жол түсті. Мақсат – ауылдың тыныс-тіршілігін көру, адамдарымен жүздесу.

**СБ** Ақтілек БІТІМБАЙ,  
«Сыр бойы»

Бұл округ алғаш 1929 жылы «Құмарық» колхозы болып құрылады. Кейін 1950 жылы «Жамбыл», «Бірлік», «15 жылдық Қазақстан», «Комсомол», «Кентүп» секілді кіші колхоздар біріктіріліп, Сталин кейін Ленин атындағы колхоз болып ірілендіріледі. Араға жылдар салып 1973 жылы Ленин мен «Қызылту» кеңшары қосылады. Ал келер жылы мамандандырылған Құмжиiek мал шаруашылығы ретінде құрылады. 1994 жылы СССР Жоғарғы советінің үш мәрте депутаты, «Ленин» және I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденінің кавалері Қашақбай Піримовтың есімі 85 жылдығы қарсаңында берілді. Қазір Құмжиiek ауылдық округіне Тапа, Қожақазған және Мәдениет елді мекендері қарайды. Бүгінде мұнда барлығы 290 отбасы, яғни, 1720 адам тату тірлік кешуде.

### Кәсіпке ынталылар көп

Бұл ауылдың даму қарқыны көңілге қуаныш ұялатты. Кейінгі жылдардағы көрсеткіші көзге көрініп-ақ тұр. Әсіресе, кәсіпкерлікте ілгерілеушілік бар. Ауылдық округ бойынша 142 кәсіпкерлік нысаны тіркелген. 78 шаруа қожалығы бар. Бұған қоса, ауылда 5 дүкен, 2 жолаушы тасымалы, наубайхана, пластикалық есік-терезе жасау цехы, газ тарату бекеті, 11 бөлшек сауда, 2 жарнама агенттігі, косметикалық салон, шаштараз сынды түрлі сала халыққа қалтықсыз қызмет етуде.

Бұдан бөлек, мал басын көбейту үшін қаржы алып, мемлекет берген мүмкіндікті тиімді пайдаланып отырған жандар да бар. Олар жайлы

ауыл әкімі Болатбек Баймахановтан сұрап білдік.

– Мәселен, былтыр «Сырдария-1» ЖШС-нан «Сыбаға» бағдарламасы арқылы «Алтайыр» шаруа қожалығы 18 миллион теңгеге 450 бас қой, 25 бас асылтұқымды қойлар алды. Ал «Баян» шаруа қожалығы 10 миллион теңгеге 325 бас қой, «Ауылды қаржылай қолдау» қорынан «Еңбек» бағдарламасымен «Сартай батыр» қожалығы 20 миллион теңгеге 50 бас жылқы иемденді. Жеке кәсіпкер Мөлідр Қанатбаева 2,8 миллион теңгеге 7 бас, «Алмасбек» шаруа қожалығы 3 миллион теңгеге 8 бас жылқы алды. «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Дәулет» шаруа қожалығы 10 миллион теңгеге 25 бас жылқы, жеке кәсіпкер Асылхан 8 миллионға 18 бас, «Ж.Жалғасбай» шаруа қожалығы 6 миллион теңгені 15 бас жылқы алуға жұмсады, – деді ол.

Орайы келгенде айта кетейік, «Женіс», «Аян», «Серимов Кенес», «Бексұлтан» секілді ірі шаруа қожалықтары



асылтұқымды мал өсірумен айналысады. Олар аудан орталығына күнне сүт, шұбат, ет өнімдерін саудалап, 50-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Байқағанымыз, ауылда мал саны 500 бас түйеден асатын шаруа қожалықтары онға жуықтайды. Өрқайсысы 7-15 адамды жұмыспен қамтып отыр. Мынаны көріп, елдің осынау берекелі тірлігіне сүйсінідік.

Ауыл әкімінің айтуынша, бұл мал шаруашылығымен айналысатындардың бір бөлігі ғана. Жалпы, округте ірі қара үш мыңға жуықтаса, түйенің саны 6 мыңнан асып жығылады. Бұдан бөлек, 8 мыңға тарта

жылқы, 15 мыңға жуық уақ мал бар екен. Айтпақшы, мал шаруашылығының тәртібіне сай тиісті қажеттіліктер де қамтамасыз етілген.

### Көптен күткен «көгілдір отын»

Ауылда кейінгі жылдары ауқымды істер атқарылуда. Сапар барысында бұған анық көз жетті. Нақтырақ айтсақ, көркейту-қоғалдандыру және санитария жұмыстарына қаржы бөлініп, ауылға аяқсу беріліпті. Бұған қоса, Тапа, Қожақазған елді мекенінің жолын тегістеуге бюджеттен қаржы

қаралып, тиісті жұмыстар жүргізілген. Сонымен қоса, ауылдағы «Басықара» каналы бойындағы автокөлік жүретін көпір ағымдағы жөндеуден өткізілді. Кейінгі бірнеше жылда округ орталығындағы Ғ.Мұратбаев, Т.Ізтілеуов, Т.Ақжігітов көшелеріне түнгі жарықшамдар қойылған. Балалар ойын алаңы, тренажер және жүгіруге арналған жолақ орнатылған. Дегенмен кемшін қалған тұстар да жоқ емес. Ауылда әлі де көшелерді асфальттау, жарықтандыру, балабақша салу секілді өзекті мәселелер бар. Ауыл әкімі мұның барлығы кезен-кезеңімен шешіледі деп отыр.

Мұндағы халықтың қуанышы – ауылға «көгілдір отынның» келуі. Отын сындырып, күл шығарудың өзіндік бейнетінен арылатын уақыт алыс емес. Сондықтан басы артық мәселеден құтылып, қала халқы секілді газ игілігін көру – ауылдағы ағайынның басты арманы. Бұл елді мекенге орамшілік газ желілерінің құрылысын жүргізуге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қаржы бөлінген. Егер жұмыс жүйелі жүрсе, 230 отбасы мен 6 нысан газбен қамтамасыз етілетін болады.

– Бізде биыл қуанышты жыл болып отыр. Себебі көптен күткен газ құрылысы

жүргізіліп, пайдалануға берілді деп күтудеміз. Өте ризамыз. Әйел адамдардың тұрмыс-тіршілігі жеңілдейтін болды. Сонымен қатар, спорт кешені салынды. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалануға бұл да мол мүмкіндік. Бұл мәселені ауыл тұрғындары көптен бері көтеріп жүрді, енді міне, шешімін табуға, – деді ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы Жамал Қожанова.

### Жаңа нысан бой көтерді

Мұнда спортқа бейім жандар жетерлік. Әсіресе, жастардың ынтысы жоғары. Бұрын оқушы кезімізде жарысқа бұл ауылға ара-тұра келетінбіз. Сонда өзіміз қатарлас балалардың бәрі волейбол, футбол, баскетбол, күрес сияқты спорт түрлерінен мықты еді. Жуырда жаңа спорт кешені бой көтерді. Жетістіктер енді тіпті молай түсеріне сенім бар. Орайы келгенде айта кетейік, мұнда ауыл балалары еркін күрес, грек-рим күресі, самбо, дзюдо, бокспен шұғылдана алады.


Айтпақшы, бұл ауылдың білім саласында да көрсеткіші жоғары. Округте 1990 жылы іргетасы қаланған №92 орта мектеп жұмыс істеп тұр. Білім ошағына мемлекет және қоғам қайраткері Қазмұхамед Күлетов есімі берілген. Мұнда 54 педагог еңбек етіп, келешегінен үміт күттіретін шәкірттерге тәрбие беруде.

Еске сала кетейік, ауылда дәрігерлік амбулатория, клуб, кітапхана, ветеринариялық пункт жұмыс істейді. Ауызу сервисік желі арқылы тұрақты берілсе, аяқсу аптасына бір рет насоспен жеткізіледі. Жалпы, сапар барысында осы ауылдың ауызбіршілігі мығым, тірлігі түзу екенін байқадық. Бұл енді сондағы халықтың байлығы деп байлам жасаймыз.

Қазалы ауданы







# Қайсарлықпен жетілген

Адамзаттың асқар жасы сексеннің бесеуіне келген КСРО және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Халықтар достығы» орденінің иегері, Шиелі ауданының құрметті азаматы Базарбай Асанбайұлы Атабаевтың тағылымды өмір жолын жұрт назарына ұсынудың сәті түсіп отыр.

Қазақ тарихындағы қасиетті 1937 жылдың 10 қарашасында дүниеге келген Базарбайдың балалық шағы да кешегі Отан соғысымен, одан кейінгі қиын жылдармен тұтас келді. Оның үстіне соғысқа қатысқаны, тұтқында болғаны аздай, әкесі Асанбай ақсақал елге келгеннен кейін Мұстафа Шокайдың туысы деп ҚарЛағқа айдалды. Содан жүрегі жаралы Базарбай жарты ғасырдан астам уақыт газиз әкесін айыптаған құжатты, мәңгілік мекен еткен жерін іздеумен болды. Сәті түсіп оларды тапты. Сан жыл іздеген құжатты алдына ашып тастап, ретсіз жаза тартқан әке тағдырымен сырласты. Айрықша егілді. Дәл үстінен шықпаса да, басқа да кеңестік құрбандар жайғасқан, қазір жермен-жексен болып кеткен бейіттер орналасқан төбеді болып, сан жылдар күйінішіне тағы да ерік беріп, ерекше езілді. Қасындағы біз де оның тағдырына толқымай тұра алмадық. Базарбайдың кейін «Қасірет көрдік, жетімдік, қайсарлықпен жетілдік...» деп кітап жазуының осындай сыры бар.



Аяулы Батсайы әжесі мен Құлшара анасының аялы алақандарының айрықша жылыуы Базарбайды ешкімнен кем етпей өсірудің қуатты негізі болды. Олар қолдан келгеннің бәрін жасады, жетімдікті жойып, екі-үш жыл фельдшер және 1967 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітіріп, Қызылорда қалалық және облыстық ауруханада балалар хирургі болып оқу орындарында алған мамандығын өмірлік тәжірибемен, күнделікті тірлікпен ұштай түсті.

1973-1982 жылдары Шиелі аудандық және облыстық аурухананың әдістемелік ұйымдастыру орталығының жетекшісі қызметтерін атқарды. Әрине, ол кез қысқа жіп күрмеуге келмейтін, қай салада болмасын кадр тапшылығы көрініп тұратын. Әсіресе, жоғары білімді медицина саласының мамандары саусақпен санарлық. Аудандарда типтік ауруханалар, халқы жиі орналасқан ауылдық жерлерде медициналық пункттердің өзі жоқтың қасы болатын. Шиелі ауданы кеншілерінде уәскелік ауруханалар мен фельдшер-акушер пункттерін ашуға белсенді қатысып, бұл дәстүр облыстық денсаулық сақтау басқармасында жалғасты. Осылай емдеу шаралары халыққа жақындай түсті.

Соның нәтижесінде облыс бойынша халық саны 200-ден асатын 287 елді мекенге жаңадан селолық дәрігерлік амбулаториямен қатар дәрігерлік пункттер ашылды. Дәрігерлердің білімі мен тәжірибесін одан әрі молайта түсу үшін Мәскеу, Ленинград, Киев, Ташкент қалаларындағы дәрігерлердің білімін жетілдіру институттарына жылма-жыл оқытудың жоспары жүзеге асырылды. Осындай жүйелі жұмыстың басы-қасында Базарбай де болған еді.

Облыстық денсаулық басқармасында орынбасар болып жүргенде жұқпалы аурулар ауруханасының, Теренөзек аудандық ауруханасының құрылыстарына ықпал еткенін айта кетсек артық болмас. Мұның барлығы сыйласа билудің құдіреті, таза еңбектің нәтижесі, азаматтық болмыстың шынайы көрінісі болатын. Осылай қарапайым қатардағы фельдшерден облыстық деңгейде лауазымды қызметтер атқарып, Базарбай облыстық денсаулық сақтау саласының басшылары, өз істерінің майталман мамандары София Макашева, Ернияз Омаров, Тұрғанбай Маханов, тағы басқалар сапында өзіне лайықты орын алды.

Он жеті жыл басшыларға орынбасар болып жақсы тәжірибе жинаған ол 1988 жылдан облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы құрылысының басы-қасында болып, құрылыс біткен соң он екі жыл бас дәрігер қызметін атқарды. 150 орындық аурухана кейін 210 төсек-орынға ұлғайды. Сыр өңірінің ерекшелігін есепке алған

дың ата-тегі, олар туралы аңыз-әңгімелерді ауылдағы көзқаракты ақсақалдар толықтыра түсті. Сол кездердегі облыстың әкімдері С.Нұрғисаевқа, М.Құл-Мұхаммедке арнайы хат жазып, облыс басшыларының назарын аударуды мақсат етті. Бұл өз нәтижесін берді де. Мұстафа Шокай туралы өз білгенін ұлы тұлға туралы алғаш қалам тартқан жазушылар Бейбіт Қойшыбаев, Әнуар Әлімжанов мақалаларымен, тарихшылар Мәмбет Қойгелдиев, Әбу Тәкенов, Талас Омарбеков еңбектерімен, мұстафатанушылар Бақыт Садықова, Түркиядағы қандасымыз Әбдуқап Қара, т.б. монографияларымен байыта түсті.

Осындай себептермен көптеген зерттеуші ғалымдардың Мұстафа Шокайдың дүниеге келген жерін, өсіп-өнген ортасын, өмірге алғашқы рет талпынып, аяқ басқан кездерін, ата-тек деректерін, тағы басқаларға қатысты кейбір қайшылықты пікірлерді Базарбай толықтырып, кейде айқындап отырғаны да бар. Осы сәтте бір фактіні еске түсіре кетейік. 1991 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты «История Казахстана: белые пятна» деген атпен бір топ ғалымдардың мақалалар жинағын шығарған болатын. Ресми бір жиында сондағы Мұстафа Шокайға қатысты кешегі кеңестік кездің қайшылықтары елес берген жолдар жөнінде Базарбай пікірімен сол кездегі институт директоры келісіп, ризашылықтан бір шумақ өлең жазғаны да бар.

Базарбай Асанбайұлы «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» ұйымымен де байланысып, соның арқасында Астана, Ташкент, Түркістан, Анкара қалаларында болған жиындарға қатысып, баяндамалар жасалды. Ұлы тұлғаның бүкіл түрік халықтарының бірлігін, тұтастығын сақтаудағы асқақ ой жүйесі, алдына қойған мақсаты, соған сай терең білімі, сол кездегі әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің тілін жетік білуі, өзіндік саяси көзқарастардың прогрессивтік мәні, ұлттық дүниетанымының айқындығы, әлемдік саясаттағы сарапшылығы, т.б. мәселелердегі ұстанымы туралы естіген айғақтары мен оқып-білгендерін жұртқа паш етті. Жерлесі әрі тұрмыс ретінде Мұстафа Шокайдың өмір тарихының жұрт біле білмейтін сыры мен әлі толық ашыла қоймаған беттерін баяндауы бірсыпыра зиялы қауым өкілдері мен ғалымдарды риза етті. Стамбулда өткен конференцияда Базарбай мінбеден түсе бергенде бір топ Стамбул университетінің атақты ғалым-профессорлары ыстық құшақтарын айқара ашып, зор ілтипат білдіріп, шағатай тіліндегі Мұстафа Шокайдың үш том кітабын сыйлаған болатын.

Мұстафа Шокай 20 жылдай тұрған Францияға сапардың сәті алғаш рет 2007 жылдың наурыз-сәуірінде түсті. Базарбай Париждегі қандастарымыз құрған «Мұстафа Шокай атындағы қазақ-француз достығы ассоциациясының» шақыруымен алғаш осында келді. Бұл сапарында Ножан-Сюр-Марнедегі Мұстафа мен Мария Шокай тұрған үйде, бейіт басында болып, діни рәсімдерін жасады. Рахаттың қиыншылығы көп болған тағдырлар елесін есіне жиі алуға мәжбүр болды. Ал 2010 жылғы қазан айында Ножан-Сюр-Марне қаласындағы тұрған үйінің жаңына биіктігі 125 см тұғырға «Мұстафа Шокай» деген французша және қазақша жазумен, астына туған және қайтқан жылдары көрсетілген қоладан құйылған ескерткіш-бюст орнатылған үлкен жұмыстың басы-қасында Базарбай де бар еді. Бұл тиісті екіжақты келісімнің негізінде жүзеге асқан аса бір игілікті жұмыс болды.

Міне, осы аталғандардың барлығы Мұстафа Шокай қорының қызметімен тікелей байланысты болды. Базарбай қордың алдына қойылған талаптар деңгейінен көріне білді. Осынымен мұстафатану ғылымына өзіндік үлес қосты. Ұлы есімді елге оралту, таныта түсу жолындағы бүкілхалықтық тірлікке қосқан үлесі, жазған хаттары, жасаған баяндамалары мен танымдық мақалалары 2015 жылы «Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім» атты үш бөлімнен тұратын кітапта жарық көрді. Осы бағыттағы Базарбай қызметі жоғары бағаланып, оған ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының Құрметті академигі атағы берілді.

Сөз соңында Базарбай отбасы туралы да бірер сөз айта кетуді жөн көріп отырмыз. Құдай қосқан жары, жемізіміз Гүлбараммен төрт бала тәрбиеледі, оларға жоғары білім берілді. Ұрпақтары отбасын құрып, ұл-кыз өсірді.

**Қалдыбек АЙТБАЙҰЛЫ, Әбдіжәлел ҚОШҚАРУЛЫ**



# Қант диабеті көбейіп барады

Диабет зат алмасу процесінің бұзылуынан болатын эндокриндік аурулар тобына жатады. Бұл дертке шалдыққан адамдардың ағзасында глюкозаның сіңу процесі бұзылады. Инсулин – көмірсуалмасу процесіне тікелей жауап беретін гормон. Онсыз қант организмдегі жасушаларға сіңбей, қан құрамында қалып қояды. Салдарынан жүйке тіңдері мен органдар жұмысы бұзылады. Жалпы, инсулин әбден зерттелген гормон. Соған қарамастан диабеттің пайда болу себебі әлі күнге дейін белгісіз күйде қалып отыр. Әдетте дәрігерлер мұны тұқымқуалаушылықпен байланыстырады. Сондай-ақ, диабет ұйқы безі аурулары, гепатит немесе өзге де аутоиммундық сырқаттар, дұрыс тамақтанбау мен зиянды әдет салдарынан пайда болуы мүмкін. Мамандардың айтуынша, инсулинге тәуелді тіңдердің гормонға сезімталдығы жойылған кезде екінші типтегі диабет басталады. Инсулин дұрыс бөлінгеннен, глюкозаның сіңу қызметі бұзылып, қан құрамында қалып қоятын болады. Аталған дерт тырнағына ілінгендердің 85-90 пайызы диабеттің дәл осы түрімен ауырады. Олардың басым бөлігі – ересектер. Қандағы қант деңгейін реттесе науқас кетозидоз, диабеттік табаны, жүрек, аяқ ауруына ұшырап, аяқ-қолынан, жанарынан айырылады.

Диабеттің алдын алу үшін салауатты өмір салтын ұстанудың маңызы зор, яғни, дұрыс тамақтану, шектен тыс тәтті немесе майлы тамақтардан бас тарту, спортпен айналысу, темекіден бас тарту, дәрігерге уақытылы қаралып, қандағы қант мөлшерін анықтап отыру қажет. Әлемнің кейбір елдерінде диабеттің алдын алу мақсатында бірқатар тағам түрлерін сағуға тыйым салынған немесе зиянды тағамдарға салық қосылады. Мәселен, Венгрия билігі құрамында байытпамаған майлар, трансмайлар, қант пен тұзы көп тағамдарға салынатын салықты көтерді. Азық-түлікке салық енгізілген төрт жылда қазынаға 200 миллион еуро түскен. Оның 95 мыңы дәрігерлер жалақысына 25 пайыз үстеме ретінде қосылды. Тұрғындардың басым бөлігі салық салынатын өнімдерді азайтып, пайдалы тамаққа бет бұрған. Ал, Франция, Португалия, Мексика, Чили, Вьетнам сынды бірқатар елдерде қант салығы қолданылады. Шри-Ланка «Сен ойлағандай тәтті емес» деген слоганмен әлеуметтік жарнама жасады. Авторлар аяғы кесілген прандік-адам, көзінің қарашығы жоқ фигуралар арқылы диабеттің ампутация, инсульт, соқырлық сынды салдары жайлы баяндауға тырысқан.

2019 жылы сәуірде Британия билігі де қант салығын салды. Британдықтар түскен қаржыны салауатты өмір салтын қалыптастыру, мектепке дейінгі балаларды дұрыс тамақтануды бағдарламаларын

ынталандыруға жұмсамақ. Салық салына-тын тағамдар тізімінде алкогольсіз сусындар, атап айтқанда, құрамындағы қант мөлшері 100 миллилитрге 5 граммнан тұра келетін сусындар бар. Өкінішке қарай, заңды айналып өтетін, қант орнына канталмастырғыш пайдаланатын компаниялар да баршылық. Қазақстандық мектептерде де газдалған тәтті сусындар мен шоколад сағуға тыйым салынғанына көп уақыт болған жоқ. Жоғарыда айтып өткеніміздей, елімізде қант диабеті тегін емделеді. Көптеген дертпен тегін медициналық көмек пакеті шеңберінде диабетке шалдыққан пациенттерге 23 түрлі дәрі мен 7 түрлі медициналық бұйым беріледі. Оның ішінде шприц, тест-жолқаша, глюкометр, инсулин помпалары мен 22 түрлі инсулин де бар. Диабетпен өмір сүруге болады. Бірақ ол тәртіп пен өзін-өзі бақылауды талап етеді. Технология күн сайын жаңарып жатқан бүгінгі заманда диабетке шалдыққандарға да қолайлы жағдай жасалып жатқаны шындық. Мәселен, қандағы қант деңгейі жоғарылай бастағанда смартфонға хабарлама жіберетін мониторинг құралдары бар. Шприцті аз пайдалануға мүмкіндік беретін инъекциялық порттар жасап шығарылды (iPort Advance түтікшесін үш күнге терінің астына қояды, ол қанға инсулин жіберіп тұрады). Ғылым жетістіктерінің бірі – глюкозаға сезімтал келетін «ақылды гель». Жапондық ғалымдар әзірлеген полимерлі гель терінің астына егіледі. Қант деңгейі көтеріле бастағанда ол инсулиннің қажетті мөлшерін қанға жіберіп отырады. Тышқандарға жүргізілген сынақ нәтижесіне сүйенсек, аталған құрал глюкоза деңгейін 15 минутта төмендетуге мүмкіндік берген. Ал, американдық дәрігер Сара Холлбергтің екінші типтегі диабетке қарсы күресте қолданатын арнайы диетасы бар. Ол өз пациенттеріне диабетке сеп болып жататын көмірсулардан (соның ішінде, жарма, картоп, қант) бас тартып, олардың орнына майларды тұтынуды ұсынады. Себебі, бұл макроэлемент қант мен инсулин мөлшерін төмен деңгейде ұстап тұруға көмектеседі. Холлбергтің екінші типтегі диабеттер арасында жүргізілген зерттеулері көмірсуды аз пайдаланғанда азғанын инсулинге тәуелділігі төмендегенін көрсетіп берді. Алайда, американдық ғалымдар бұл диетаның тиімділігіне күмәнмен қарайды. Айтуларына, оның пайдасынан гөрі жағымсыз салдары басым.

Байқағандарыңыздай, кейінгі жылдары қант диабетіне шалдығушылар қатары көбейіп барады. Осы орайда аурудың алдын алудың маңызы зор. Ол үшін жоғарыда айтып өткеніміздей, салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтануға әнін берген абзал, «ауру – астан» демекші, әсіресе, фаст-фудтарды жиі тұтынбаған жөн.

# ҚОРҒА 40,8 МЛРД ТЕНҒЕ АУДАРДЫ



Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен билығы 1 қарашаға дейінгі аралықта аймақта әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 40,8 млрд теңге аударылды. Оның 25,8 млрд теңгесі (63,2%) жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 15 млрд теңге (36,8%) жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісім-шарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс

бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов хабарлады.

Жарна төлеу жағынан Қызылорда қаласы, Шиелі мен Жаңақорған аудандары көш бастап тұр.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

«СБ» ақпарат

**ТАҒЫМ**

Осыдан бір жыл бұрын ортамыздан өткен белгілі педагог, дінтанушы, шығыс тілдерінің маманы Шәрібай Маханбетұлы Тобжановтың есімі көзіқарақты кісілерге етене таныс. Атақты фотожурналист Болат Омарәлиевтің тәуелсіздіктің алғашқы жылдары түсірілген бір суретінде Түркиядан атақонысқа келіп жатқан қандастарымыздың алғашқы легі бейнеленген. Бұл суретті кезінде біраз қазақ басылымдары жариялады.



**Sb** Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

**МАЗАРИ-ШАРИФТЕН  
МАЗДАҒАН ШЫРАҚ СӘУЛЕСІ**

...Суретте ұшақтан жана түскен сакалы аппақ кудай екі қария кара жерді сүйіп жатыр. Фотода риясыз күліп тұрған кияк мұртты жігіт те бар. Ол атамекенін аңсап жеткен газиз жандарға жолбасшы болып жүрген Шәрібай Тобжанов болатын.

Өткен жылы автор осы суретін «Фейсбук» әлеуметтік желі паракшасында қайта жариялады. Бұл кезде Шәрібай бауырымыз өмірден өтіп кеткен...

Сол суретке қатысты қарымды каламгер Бауыржан Омарұлы әлеуметтік желіге мынадай мәтін жүктеді: «Шуағы мол Шәрібай... Атақты фототілші Болат Омарәлиевтің бір кадрға сыйғызған тарихи шығармасының басты кейіпкері еді... Құшағын айқара ашып, Ұлы көштің алдынан шығып еді... Өзі де әлемді аралаған сол көшкеруеннің толқынында тербелген тағдырлы перзент еді...».

Жүректің қылын дөп басып, жан тебіренткен осы сөзде Шәрібайдың шынайы болмысы бар.

Біз енді Шәрібай туралы әңгімені сәл әріден бастамақпыз.

Тобжан Қармақшы атырабындағы аза оқыған азаматтардың бірі екен. Болыстың писарі болып қызмет жасаған. Осының өзі-ақ қызыл өкіметтің қудалауына жеткілікті жағдай еді. Сөйтіп, 1928 жылы абақтыға жабылады. Інісі Ерман жазықсыз жалалы болған ағасын ебін тауып, түрмеден босатып алыпты. Осыдан кейін Кетенің Қарабазарына қарасты біраз түтін Қызылдың құмын

кыялап, өзбек жері арқылы Ауған еліне қарай ауа көшкен. Тобжан әкей бұл ұзақ жолда небір азапты күндердің күтіп тұрғанын жақсы түсінеді. Сосын бәйбішесін төркін жұрты Қазалыға қайтарады, екі қызы мен бір ұлын балалар үйіне бер деп тапсырады. Өйткені, балалар үйі өкіметтікі, сондықтан қауіп болмас деп сенеді әрі оның директоры Тобжанның бірге оқыған досы еді. Ол кісі досының ұлы Тұраштың тергін Ержанов деп өзгертіп жаздырыпты.

Төбесін күн, табанын құм күйдіріп ай жүрген сол ауыл көші талай мекхатты тартып, Ауғанстанның Шах Насыр атты мекеніне тоқтайды. Жергілікті жұрт қызылдардың қиянатынан қашқан жандарға қолдан келген көмегін беріпті.

Шәрібайдың әкесі Маханбет 1936 жылы өмірге келген.

Бұл кезде Тобжанның отбасы өзіне қарасты азағайынмен Балх провинциясының астанасы саналатын Мазари-Шариф қаласына қоныс аударыпты. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» дегендей, мұнда да олар әйтеуір қыбырлап күн көреді.

Тобжан ата жасына, Маханбет жігіт жасына жетеді. Бір жақсысы, бұл елде сол кезде-ақ жеке кәсібін жасап, пайда тапқандарға тыйым салмайтын. «Мұтаждық – білім анасы» демекші, Тобжан ата ағайындарымен бірлесіп етік жамап, шапан тігіп, осы қаладағы базарға өз өнімдерін өткізіп тұрған. Ауғандықтар қазқтардың қолынан шыққан



бұйымдарды жоғары бағалапты. Осылайша, олардың тіркетеген тірлігі де түзеле бастайды.

Шәрібайдың өзі дәл осы Мазари-Шариф қаласында 1959 жылы жарық дүниесіне есігін ашқан. Осында мектепке барып, парсыша сауаттанған.

Бұл кезде елде қалған Тұраш та өсіп, білім алып, мектепте жұмыс істеп жүреді. Бі-

реудің әкесінің атымен өскен жігіт есейе келе өз тегін іздеп, сөзі жеткен жерден сұрау сала бастайды. Ауған жеріндегі туғандарына бірнеше рет латын қарпімен хат жазалы. Сол хатының бірі Мазари-Шарифтегі ағайынның қолына тиіп, Тұраштың тірлігінен хабардар болады. Ақыры бауырлар бір-бірінің дерегін біліп,

қауышады. Тұраш сол кезде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Николай Подгорныйға дейін барып, шетелдегі туыстарды Қазақстанға уақытша тұрғызуға рұқсат алады. Сол әрекетінің арқасында 1972 жылы Тобжанның ұлы Маханбет отбасымен Қармақшыға қоныс аударады. Ауғанстанда 5 жыл мектеп білімін алған Шәрібай мұнда қайтадан 1-сынып партасына отырады.

Туған жерінен амалсыз ажырағандардың алды араға жарты ғасырға жуық уақыт салып, атамекеніне осылай оралған болатын.

Шәрібай мектептен соң С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің араб бөлімінде оқиды.

Қазақ ғылымының марқасқалары – З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, А.Қыраубаева, Х.Сүйіншалиев, С.Ордалиев сынды мықты профессорлардан дәріс алады.

Университетті аяқтаған соң Алматы қаласындағы шетелдегі отандастармен мәдени байланыс жасайтын «Отан» қоғамына қызметке орналасады. Осы қоғамда жұмыс істей жүріп, ол Шығыс елдерінде тұратын отандастармен тығыз байланыс жасайды.

1988 жылдан бастап Ауғанстан, Иран, Түркия, Германия, Франция, Монғолия, Қытай мемлекеттеріндегі отандастарымыз туған жерге орала бастайды. Солардың ішінде Құран Кәрімді қазақ тіліне мағыналаған Халифа Алтай, Мәнсур Тайжи, германиялық Мевей Баһадур, Ляхат Шаһар, т.б. бауырларымыз болды. Сол кезде Шәрібайдың атақты Халифа Алтаймен бірге жүріп, қасиетті Құранды тәржімалауға да өз септігін, көп көмегін тигізгенін біріміз білсек, біріміз білмейтін едік.

Шәрібай Маханбетұлы 1990 жылы сол кездегі Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтының ректоры Бакберген Досымбетовтің шақыруымен оқу орнындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына араб тілі пәнінің оқытушысы болып орналасады. Институтта 1993 жылы Шығыс тілдері кафедрасы ашылып, кафедра меңгерушісі болып бекиді. Осы жерде ол он сегіз жыл оқытушы болып қызмет етеді. Бұл аралықта институт университетке айналады.

2011 жылы студенттердің

жеткіліксіздігіне байланысты араб тілі мамандығы жабылып, Шәрібай үш жыл университеттің ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер болады. Мұнан соң облыстық ішкі саясат басқармасы жанындағы Дін мәселелерін зерттеу орталығының шақыруымен қызмет ауыстырады.

Мен өзім Шәрібаймен осы кездері жақын араластым. Сыпайы қалпынан танбайтын биязы мінезді жігіт еді. Киктің асығындай ғана тұрқынан ерекше зиялылық есіп тұратын. Жасы кішілер онымен амандасуға асығып, алдынан шығатын. Сұрақ қоймасаң, шешіліп сөйлей бермейтін Шәрібай көңілді жүрген күндері бірімізді «шалдың баласы», бірімізді «түйелімді байдың баласы» деп көтермелеп, жанына жиып алатын. Жайлап бастаған әңгімесі түркі дүниесіне қарай түріліп жүре беретін. Өте сауатты болатын. Шәрібай әдіпті әңгімелерді күнде айтпайды. Біз үшін ол апталық мектеп сияқты, тағы бір кезегін күтіп тамсанып қалатынбыз.

Біздің бұл шадыман күндеріміз көп жылға ұласпады. Ардақты аға, асыл дос, жан-жағына жарық шашқан шамдай жанған жуседісіне көп көмбесін жасырып беймезгіл өмірден озды.

Елшіл жүректі, ерен бейнелі азаматтың артында кейінгілерге өнеге боларлық еткен еңбегі, адами болмысы, жан жары, бала-шағасы қалды.

Зайыбы Құлдірсін Сейітжанқызы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушы, ұлы Нұржан да, қызы Жаннұр да – білікті заңгер, олардан ұрпақ тарап, өсіп-өніп жатыр.

Шіркін, әке арманы көп қой. Соның ең негізгісі бала бақыты десек, Шәрібай бала-шаға, баушарбағының мәуелі жемісін татты. Бірақ, Алла олардың қара ормандай көбейіп, елге ел болып қосылғанын көруді нәсіп қылмады. Енді осы қызық асыл жарына бұйырсын.

Біздің бір айтарымыз, Шәрібай секілді ұлтының қамын жеген дара азаматтың аты ұрпақ жадынан ошпеуі тиіс. Ол үшін өзі жиырма жылға жуық қызмет еткен білім қарашаңырағында Шәрібай Тобжанов атындағы стипендия тағайындалып, оның еңбектерін насихаттайтын арнайы дәрісхана ашылса, нұр үстіне нұр.



**Балалары арқылы қаржылық алаяқтар ата-аналарының ақшасына қол жеткізуге тырысады. Олар әртүрлі қақпан құратын оқиғалар ойлап тауып, баланы сол жерге алдап тартуға тырысады. Fingramota.kz олардың толығырақ қарастырып, ересектерге қауіптерді азайту және балаларын қаскүнемдерден қорғау туралы кеңестер береді.**

**Онлайн-қақпандар**

«Касперский зертханасы» жас пайдаланушылардың онлайн режиміндегі мінез-құлқы ерекшеліктерін зерттеу үшін әртүрлі елдің балалары бар 500 отбасына сауалнама жүргізді. Зерттеу нәтижелері бойынша әрбір бесінші бала желіде бейтаныс ересектерден дос болуға шақыру алады. 13 пен 15 жас аралығындағы жасөспірімдер көбінесе интернетте осал, себебі бір жасқа олар интернетте ең белсенді және ата-аналардың бақылауы әлсірейді. Бұл ретте егер бала интернет-алаяқтық жағдайларына тап болса, онда ата-аналар олардың жартысы туралы ғана білетіні сауалнамадан белгілі болды.

Бүгінде көптеген ата-ана балаларына интернетке еркін қол жетімділікті ұсынады, ал тауындауы мүмкін қауіпті түсінбейді.

**1. «Бақыт хаттары»**

Бала электронды пошта арқылы, әлеуметтік желілерде, SMS немесе мессенджер арқылы ақшалай сыйлық ұтқаны, Мальдив аралына ата-анасымен бірге жолдама ұтқаны, оны ақшаға айыр-бастауға болатындығы немесе Африкадағы бай ағасының мұрагері болғандығы туралы хабарлама алуы мүмкін. Өз келісімін растау үшін ол сілтеме бойынша өтіп, тіркелуі тиіс. Сауалнамада өзініздің жеке деректеріңізді, оның ішінде кез келген қолда бар төлем картасының нөмірін, оның қолданыс мерзімін және артық жағындағы ұштанбалы кодты көрсету талап етіледі. «Бақыт хаттары» авторына бұл ақпарат сізге ақша жіберу үшін қажет-мыс. Егер сіздің ұлыңыз немесе

қызыңыз қаскүнемдерге дербес және төлем деректерін берсе, алаяқтар оларды пайдакүнемдік мақсатта қолдануы мүмкін және нәтижесінде ересектердің ақшасына қол жеткізе алады.

**2. Адамдарға көмек**

Әлеуметтік желіде балаңыздың танысының паракшасында қайғылы хабарлама пайда болады. Онда ол оған қолдау көрсетуді және мүмкіндігінше банкеттік шотқа немесе электрондық әмиянға ақша жіберуді сұрайды немесе балаңыздың сыныптасы балаңызға WhatsApp арқылы хабарлап, жақын адамының апатқа ұшырағанын немесе өзінің ауыр сырқатқа шалдыққанын айтып, қарызға ақша сұрауы мүмкін. Бірақ ол бұл туралы ешкімге айтпауды сұрайды.

Сондай-ақ, сіздің ұлыңызға немесе қызыңызға мүлдем бөтен адамдар жаза алады. Мәселен, олар онкологиялық дертке шалдыққан балалардың суреттерін салып, хабар тарату арқылы баланың аяушылық сезімін тудырып, қайырымдылық жасауға деген ниетін оятады. Оның алаяқ екенін не еместігін олардан құжаттардың толық пакетін сұрату арқылы ғана білуге болады, оны түсінуге ата-аналары көмектеседі.

**3. Ғажайып қосымша**

Алаяқтар сіздің балаңыздың гаджетіне жылдам бағға немесе кез келген адамның орналасқан жерін бақылауға мүмкіндік беретін геймерге немесе сервиске арналған қосымшаның жарнамасы бар сілтеме жіберулері мүмкін. Ең бастысы, бұл мобильді қосымша

**«Ата-анаңа айтпа» немесе алаяқтар сіздің балаңызды қалай алдауы мүмкін?**



бірегей болып табылады және оны сілтеме арқылы тегін жүктеп алуға болады. Егер бала күмәнді бағдарламалық жасактаманы жүктесе, өкінішке орай, бұл жеке ақпаратты үшінші тұлғаларға бере алатын, балаңыздың жүрген жерін қалағалайтын және телефондағы басқа қосымшаларды басқара алатын шпиондық бағдарлама екенін бірден түсінбейді. Сонымен қатар, балалардың барлығы дерлік өздерінің гаджеттерін пайдаланылмаған бағдарламалардан тазаламайды, бұл алаяқтар үшін өте қолайлы.

**Телефон алаяқтарының айлалары**

Алаяқтар негізінен жорамалдап қонырау шалады. Олар тұтқаны ересек адам ба әлде бала ма, кім көтеретінін білмейді де, барлығын ойдан шығарады. Егер тұтқаны бала көтеретін болса, алаяқтар мысалға, туыстарының ЖКО-ға түскендігін және оларды ауруханаға алып келгендігін хабарлай алады. Бұл ретте қаскүйер өздерін көп жағдайда қызық қорғау органдарының, жедел жәрдемнің немесе басқа да ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстырады. Олар аса сендіргіш келеді және балаларға психологиялық қысым көрсете алады. Оларды бала және оның ата-аналары, тұрғылықты мекенжайы туралы ақпарат қызықтырады, олар баладан телефонға вирустық қосымшаны жүктеуін

сұрауы немесе ата-анасының картасының деректерін немесе бар болса, баланың картасының деректерін айтып беруді сұрауы мүмкін.

Алаяқтар нақты бір адамдарға қатысты әрекет етуі мүмкін. Сіздің қартыңызды иемдену мақсатында олар сіздің балаңызға шығып, оған қонырау шалып, кез келген ақпаратпен қорқытуы немесе кенеттен ұтысқа ие болғаны туралы жаңалықпен қуантуы мүмкін. Әлеуметтік инженерлер кез келген аңызды ойлап тауып, баланы қажетті ақпаратты айтуға мәжбүрлеу үшін бәрін жасайды.

Кенес: балаларға өздеріне қонырау шалған бейтаныс адамдарға өздері және жақындары туралы ақпаратты беруге болмайтынын айтыңыз. Заманауи технологиялардың көмегімен алаяқтар өздерін кез келген адам ретінде таныстырып, кез келген нөмірді ауыстыра алатынын түсіндіріңіз. Сондықтан, егер сіздің балаңыздың телефонның экранында таныс нөмір шыкса, мысалы, досыңыздың немесе туысқаныңыздың, бірақ қонырау шалушының дауысы нашар естілсе немесе ол бейтаныс адамға тиесілі болса, онда сөйлесуді аяқтау керек. Сандалы өзініз теріп, өзінің қонырау шалған дұрыс. Егер сол нөмірден қайта қонырау түссе, қонырауды өшіріп тастау керек.

Егер қонырау шалушылар өздерін банктердің, полицияның, басқа мекемелердің қызметкерлері болып таныстырса және шүғыл түрде әртүрлі әрекеттерді жасауды сұраса, олардың нұсқаулары орындалмаңыз. Балалар сізге, ересектерге осындай қоныраулар туралы айтуды әдетке айналдырыңыз.

**Офлайн тұзақтар**

Алаяқтар жазғы демалыс кезінде көптеген балалар үйде ересектердің қарауынсыз қалғанда, коммуналдық қызметтер мен басқа ұйымдардың қызметкерлері болып өздерін таныстырып пәтерлерді аралауы мүмкін. Олар су немесе газ есептеушінің көрсеткіштерін тексерген болып келеді, алайда шын мәнінде жағдайды байқайды: пәтерде кімнің тұратынын, онда не бар екенін

бақылайды. Нәтижесінде мұндай «тексерулердің» барлығы пәтерді тонаумен аяқталуы мүмкін.

Кенес: Бәрімізге бала кезімізде айтылған, жартылай ұмытылып қалған қауіпсіздік ережелерін еске түсіру керек: бейтаныс адамдарға есік ашпау, арнайы киімдері мен формаларына қарамастан олармен сөйлеспеу, ата-аналарға бәрін айтып беру.

Егер бала қандай да бір себептермен үйде жалғыз қалса, онда ол ата-анасының, басқа туыстарының, көршілерінің, «102» қызметінің, сондай-ақ, үшаскелік инспектордың жұмыс және ұялы телефондарын білуі керек.

**Алаяқтар балаларды қорқытудың қандай амалдарын қолданады?**

1. «Жоқ» деп айтуға қорқы. Кейбір балалар бейтаныс адамдардың өтініштерін орындаудан бас тартуға қорқайды, себебі бас тартатын болса, өздерін әдепсіз әрі дөрекі деп есептейді. Сондықтан олар алаяқтардың нұсқаулықтарын орындауға келісулері мүмкін.

2. Жақындарынан айырылып қалудан қорқы. Балалар өздерінің жақын адамы туралы жаман хабар естіген уақытта туындайды. Бала сасқалақтайды және айтқан тілді алатын болады.

3. Мүмкіндікті жіберіп алудан жөне ақпадан айырылып қалудан қорқы. Бұл жерде қорқыныштан бөлек тез арада байып кету ниеті де бар. Сондықтан балаға оның жүзде алатынына кепілдік бере отырып, ұсы ойынына қатысу туралы ұсыныс жасалған уақытта бала келісуі мүмкін.

Балаларыңыз сізге әрдайым арқа сүйей алатынын және сіздің оларға ұрсыпайтыныңыз туралы білуі керек. Сіздер бір-біріңізге сенуіңіз керек. Бұл – ең басты нәрсе!

Өзінізді, өз балаларыңызды қорғаңыз және Fingramota.kz-пен бірге өзініздің қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

ТҰСАУКЕСЕР

## БАЛА ТАНЫМЫНЫҢ СӨРЕСІНЕ ҚОС СЫЙЛЫҚ ҚОСЫЛДЫ



**Балалар жылы**  
2022

«Балалар жылы» деп жарияланған бір жылдың да белесінен өтіп бара жатырмыз. «Балалардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деген болатын ел Президенті. Осы сөзді басты назарға алған қоғам балаларды қорғау, денсаулығын сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерінде мәнді жұмыстар атқарды.

**Сб** Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Сондай игі істің бірін қолға алған «ASU» баспа үйі» ЖШС алғаш рет отандық анимациялық фильмдердің бояу кітапшаларын шығарды.

Кеше Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада облыстық қоғамдық даму басқармасының қолдауымен, «Қызылорда қаламгерлер қауымдастығының» ұйымдастыруымен «Балапан» телеарнасының «Сықырлы тас», «Әл Фараби» мультсериялары бойынша шығарылған бояу кітапшалардың тұсаукесері өтті.

Тұсаукесер рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов қатысып, сөз сөйледі.

– Бала – елдің болашағы, әр ата-ананың үміті. Балалардың тәрбиесі мен дағдысын қалыптастыру – баршамыздың міндетіміз. Биылғы жылды Президент «Балалар жылы» деп жариялауы келешек иелеріне жасалған мол жақсылықтың бастауы бол-



ды. Бүгінгі игілікті іс те соның бірі. Балалар өзінің жеткізе алмаған сөзін сурет өнері арқылы айтады. «ASU» баспа үйі» дайындаған кітапшаларда сондай мүмкіндіктер жасалған. Сондай-ақ, балаларымыз екінің ұстаз Әбу Насыр әл Фараби бабамыз туралы мағлұмат алып, ұлы ойшылдың қанатты сөздерін көңіл зердесіне тоқиды, – деді облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде.

Сонымен бірге, балаларға базарлық есебінде жасалып отырған «ASU» баспа үйінің өнімдеріне ризашылық білдірді.

Мұнан соң облыстық мәслихат депутаты, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев сөз алып, балаларға арналған бұл жобаның баспа саласында ширек ғасырдан аса тәжірибесі бар «ASU» баспа үйі» мен «Балапан» телеарнасының арасында жасалған келісім-шарт негізінде өмірге келгенін айтты. Өз жұмысын 1997 жылы

кеңестік цензураға ілігіп, шаң басқан архивте қалған Зейнолла Шүкірөвтің «Сыр бойы» романын жарыққа шығарудан

бастаған «ASU»-дың осы жолдан тынбай еңбектеніп келе жатқанын жеткізді және баспа қызметкерлеріне алғыс білдірді.



Суреттерді түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледж оқытушысы Айнур

Қарамұраева балалардың болашағына бей-жай қарамайтын зиялы қауым өкілдерімен бірлесіп игі жұмыстар атқаруға әрқашан да қуанышты екенін жасырмады.

Ал, «ASU» баспа үйі» ЖШС директоры Қасымхан Қдырбаев жарық көрген кітапшалар жайында мәліметтерді баян етті. Мультсериялардағы сүйікті кейіпкерлер бейнесін кітапшадан көріп, оны түрлі-түсті қаламдармен бояйтын балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамының арта түсетініне сенім білдірді.

Кітапшала орналасқан QR белгісін сканерлеу арқылы екі мультсериялды да кез келген қолайлы уақытта тамашалауға болады.

Мультсериялар кейіпкері мен ондағы оқиғалар бейнеленген бояу кітапшалары балаларға сөз жоқ, үлкен рухани сыйлық болды деп айта аламыз.



Өңір өнімі

## БАЛДАЙ ТӘТТІ БАЛМҰЗДАҚ



Осыны жазбас бұрын бір ескі естелікті ойға оралғаны... Бүгінде бәрінің қолы жететін сол тәттінің дәмін аудан орталығына келіп көргенбіз. Біздің ауыл тым шалғайда. Бір кездері теңіз толқыны іргесіне ұрған жұрттың тіршілігі де қарапайым ғана еді. Мал жайлап, төрт түлік өсіреді. Аралдың өзінен балық аулайды. Несібесі сол, бәрінде күнкөріс.

**Сб** Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

қайдан әкелсін, ауыл біткен тас қараңғыда қалған еді ғой. Жарық жоқ су дариыдан тасылады. Мұздатқыш дегеннің ескі сарайда әкенің темір-терсегі салынатын сандығына айналып кеткені қашан?! Сол тоқырау уақыттағы шалғай ауылдардағы тіршілік осылай жалғаса берер ме еді, кім білсін?!

«Көш жүре түзеледі» дегендей, 2000-жылдардан соң ауыл біткенге ажар кіре бастағаны. Жарық тартылып, ауысу жүріп, кейбіріне тіпті асфальт жол төселіп жатты. Бәріне бірдей болмас. Олай айтып қайтеміз? Әлі де бар ондай мәселе. Солай жалғасып келеді. Бір шаруасы жүрмей, бір шаруасының қарқыны жақсы дегендей ғой. Әйтеуір, тоқыраудан ілгеріледік.

Ауылда дүкен дейтін санаулы. Әрі кетсе екі-үш үй. Онда нағыз керекті тауарлар ғана болды. Ұн, шай-шекер, ара-тұра той-томалақта ғана таңдайыңа жабысар тас кәмпіт. Қоңырдан түсі сал қоюлау кір сабын да бар. Кірлеген киімге де, біз секілді шибобайларды жуындырғанға да сол сабының жарай береді. Тас кәмпіт демекші, бала біткеннің құмары – балмұздақ біздің ауылға тым кеш келді. Оны

«Мынаның балмұздағы қайда еді әлігі?» дей көрмеңіз. Міне, өзіміз де соған кеп қалдық. Бала күні таңдайда қалған дәм ауылға бозбала күнімізде келді. Өйткені сол жылдары жұрт ақырындап кәсіпке бейімделген. Баяғы екі үй емес, анау екі-үш сағат әрі жатқан Қазалы базарынан он шақты түрлі затын ала сөмкеге артып, сауда істейтін жөнгелерің пайда болған. Олар да елге не өтімді екенін білсе керек-ті. Бірі керекті киім, бірі азық-түлік әкеледі. Жаз туса, қорабын қалып киізбен қаптап орап, балмұздақты тасыған да осы жөнгелер...

«Танқаман» деп алатын серіктестік балмұздақ цехын ашыпты. Қызылорданың қай жерінен өнім шықса, қуанатынымыз бар, бірден іздеп бардық. Жергілікті тауар. Мақтаныш емес пе?!

Цехқа бармай тұрып 16 түрлі балмұздақ шығатынын фотодан көрдік. Сыртқы қағазы әдемі, тіпті қауырсын ыдысқа салған көлемділерін де байқап қалдық.

– Сауында тұрған жылқы мен сиырдың күніне жарты тонна сүт аламыз. Әу бастағы мақсатымыз сол. Қазақтың өз айраны мен қымызының дәмін бұзбай, тұтынушыға ұсыну. Ал қаймақ, сүзбе, құрт күнделікті дайындала береді. Келешекте цех ішін өзгертіп, дұрысы, аумағын үлкейтіп, 1 тонна сүт өңдеуге жұмыс

істемекпіз, – деді бізді есік алдынан күтіп алған Дулат Бәйменов. Айтпақшы, Дулат осындағы барлық түлікке жауапты маман әрі ветеринар.

– Балмұздақты көрсек енді. – Оны мына әріптесім таныстырады, – деді ол цех ішіне кіріп. Салқындау ғимарат ішінен сүт иісі аңқып қоя берді.

– Қауырсын ыдысқа құйылғанынан 12, ал вафли стакандағысы төртеу. «Аулулт» сауда маркасымен, – деп бастады сөзін цехтың технолог-лаборанты Гүлнәр Серік. – Жалпы жүз пайыз экологиялық таза өнім десек, артық айтпаспыз. Қаймақ пен құрт, кілегей мен сүзбе. Айран мен қымызды қосыңыз бұған. Олардың сапасы ұдайы зертханада қатаң қадағаланып тұрады. Айта кетейін, жазда күніне 500 келі балмұздақ шығара аламыз.

Мұндағы кәсіпорынның өндірістік процесі қазіргі заман талабына сай. Италияның озық технологиясымен жабдықталыпты. Қызметкерлер бұл жабдықтармен жұмыс істеу үшін арнайы оқытудан өткен. Өнімдер қала орталығы мен кейбір ауданға тасымалдануда.

Осылайша таңдайға балдай татитын тәттінің қалай дайындалатынын өз көзімізбен көріп қайттық.

Суретті түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

## Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылордские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

## Жарамсыз деп есептелсін

«Универсал Сервис МН» ЖШС-ның (БСН 181 040 030 495) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Көп бейінді облыстық ауруханасының ұжымы аурухананың 1-жансақтау бөлімінің реаниматолог дәрігері Хожбанова Лаура Сатыбалдықызына өкесі

**Сатыбалдының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

\*\*\*  
Көп бейінді облыстық ауруханасының ұжымы аурухананың Паллиативтік көмек бөлімшесінің меңгерушісі Оразова Гүлнар Арысбекқызына анасы

**Тынымкүлдің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



## Ең үлкен жел-электр станциясы

Біріккен Араб Әмірліктері мен Мысыр президенттері әлемдегі ең үлкен жел-электр станциясын салу туралы келісімге қол қойды.

Құрылысы аяқталғаннан кейін жел-электр станциясы жылына 47 790 гигаваатта таза энергия өндіріп, көмірқышқыл газы шығарындыларын 23,8 миллион тоннаға азайтады. Сондай-ақ, Мысырдың жыл сайынғы табиғи газ шығынынан шамамен 5 млрд доллар үнемдейді.

## Климаттық тозақ

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш адамзат көміртегі шығарындыларын азайту шараларын қолға алмаса, әлемді климаттық тозақ күтіп тұр деп мәлімдеді. Адамзат алдында бір ғана таңдауы бар: ынтымақтасу немесе жойылу.

Бұл туралы Гутерриш Шарм-әл-Шейх қаласында БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі 27-конференциясында айтты. Жынында 120 мемлекеттің делегациялары 18 қарашаға дейін жаһандық жылынумен күресу шараларын талқылайды.

## Соғысқа дайындалуға шақырды

ҚХР төрағасы Си Цзиньпин армияның жан-жақты дайындығын күшейту, олардың жауынгерлік қимылдарға дайындығын қамтамасыз етуге шақырды. Ол қазір әлемде Қытайдың қауіпсіздігіне қатысты терең өзгерістер жүріп жатқанын атап өтті. Бұған дейін Қытай Қорғаныс министрлігі де армияның соғысқа дайын-

далуын жалғастыратынын хабарлаған. Айта кету керек, Си Цзиньпиннің әскерді әрекетке дайын болуға шақыруы бірінші рет емес. Қыркүйек айында Бейжіңде өткен ұлттық қорғаныс және әскери реформа жөніндегі конференцияда нақты соғыс қимылдарына дайындыққа назар аудару қажетін айтқан.

## Құлдық үшін дауыс берген штат

АҚШ-тың Алабама, Вермонт, Орегон және Теннесси штаттарының тұрғындары

референдумда өз штаттарының конституцияларында құлдық түріндегі қылмыстық жазаға тыйым салу туралы ережені бекіту үшін дауыс берді. Ал Луизиана штаты мұндай шарадан бас тартып, қарсы дауыс берген.

Луизиананың Nola басылымның хабарлауына, дауыс берушілердің 39%-ы түзетуді қолдап, штат тұрғындарының 61%-ы қарсы дауыс берген.

Дайындаған Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Меншік иесі

**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС ДИРЕКТОР

**Қуат ШАРАБИДИНОВ**

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 24715

Тапсырыс №1908

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС